

**МРНТИ 67.07.31**Ә.К. Бәйдібеков<sup>1</sup>, О.Т. Қарабалин<sup>2</sup>

<sup>12</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана,  
Қазақстан  
(E-mail: [a.baydabekov@mail.ru](mailto:a.baydabekov@mail.ru), [Oraz\\_74@mail.ru](mailto:Oraz_74@mail.ru))

**Қазіргі күні бөлме кеңістігін ұтымды пайдаланудың жолдары**

**Аннотация:** Мақалада интерьер композициясының заңдылықтарын ескере отырып жиһаздармен әдемі ортаны құру көрсетілген. Тарихтан жиһаздармен орта кеңістігін пайдалануын, жаңа стилдерінен бағыт алып, нәтижесінде дизайнермен тұтынушы арасында тікелей байланыс қажет екенін, ол жоба жұмысын жеңілдетіп, тұтынушы сұранысын орындауға мүмкіндік беретінін алға тартты.

Қорытындыға келе, жобаның ойдағыдай орындалуы ортаны орындау тәсіліне ғана емес тұтынушының сұранысына тікелей байланысты. Тұтынушы талаптарын ескере, жобалауда мәселенің әртүрлі шешімдерін кең таңдауын жасап, дизайнерлердің заманауи жобаларын мысалға ала отырып, тұтынушы талғамына қол жеткізу. Тұтынушы мен дизайнер арасында жобаның басынан, нысанның орындалғаннан, аяқталуына дейін байланыс үзілмей, ықшам аумаққа арналған жиһаз трансформер түрлерін пайдалана тұтынушы талабын орындап, дизайнер кеңістік шешімін табады. Түрлі ойларды ортаға салу арқасына ортақ ұсыныс, жоба нұсқасы табылады. Нәтижесінде жобаға уақыт, қаражат жұмсалуды азаяды.

**Кілт сөздер:** өнер тарихы, ұлттық жиһаз, композиция, кеңістік орта, трансформер жиһаз, шығармашылық тәжірибе.

**Кіріспе**

Бүгін де пәтерді жоспарлауда кеңістік пен ақшаны үнемдеу мәселесі ерекше орын алады. Ыңғайлы әрі әдемі ортаны құру үлкен бөлмелерде ғана емес, кішігірім орындарда да қол жеткізуге болады. Тұрғын үй кеңістігін сақтауда кейбір ұсыныстарды сақтай отырып, жиһаздар мен интерьер нәрселерін ауыстырып, оларды шағын бөлмеде функционалды және ыңғайлы етіп нақты орнын табуға болады.

Қазіргі уақытта ерекше назар аударуға лайықты шағын үйлерге арналған жиһаз түрлері ерекше көп. Ертеден адамдар үй тұрмысында шағын бөлмелерін өздеріне ыңғалы әрі әдемі етіп орналастыруға тырысқан. Бұны тарихтан көз жүгүртсек болады. Мысалы атабаларымыз киіз үйдің ішкі жасауын орынды

тәртіппен орналастыра білген. Қалыптасқан тәртіп бойынша, киіз үйге кіре берістегі сол жақ босағада әдетте ер-тұрман, құсбегілікке қажет саймандар ілінетін. Одан әрі киім ілетін адалбақан, жас жұбайларға арналып шымылдық ұсталған төсек ағаш қойылатын. Төрде жүк аяқтарға, кебежелерге қойылатын әбдірелердің, қоршындардың (жүк қап) үстіне екі-үш қатар етіп көрпе төсек жиналатын болған [1].

Киіз үйдің іші екі бөлікке – ер және әйел (төрден карағандағы оң және сол) жақтарына бөлінеді. Үй іші бөліктерінде отбасы және қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесі мен жас, жыныстық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан дәстүрлі орындары белгіленген. Сол жақта ыдыс-аяқпен тағам қоятын асадал, сөре сияқты үй заттары мен бұйымдары тұратындықтан ол “қазан-аяқ жақ” депте аталады. Осыған сай Сол жақ “әйелдер жағы”, сондықтан әйелдер отыратын орын болып саналады. Ыдыс-аяқтардан жоғары үй иесі әйелінің төсегі орналасады. Үйге кіргенде ерлер өз жағы “оң жаққа” өтіп, әйелдер “сол жаққа” өтіп, жоғарыдан төмен жасына қарай отырады. Бұл бөлініс күнделікті тұрмыста, әсіресе, той мен ас беру сияқты, т.б. түрлі салтанатқа қатысушы көпшілік халық жиналғанда қатаң сақталып отырған [2].

Киіз үйдің негізгі бөлмелерін ретке қойып көрсек:


*Төр* – мұнда жүк жинауға және құрметті қонақтарды орналастыруға арналған.

*Сол жақ* - (кіргенде оң жақ) үй иесінің отыратын және жататын орны. Одан басаға жақта азық – түлік, ыдыс аяқтар тұрады.

*Оң жақ* – (кіргенде сол жақ) балалар орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандарды, киімдер ілінеді.

Үйдің дәл ортасында *ошақ* орналасқан (сурет 1). Ретімен қарасақ алдымен төр бұл қонақ бөлме, арнайы қонақтарды орналастыру орыны. Үй иесінің орыны – жұмыс орын. Одан әрі ас бөлме. Ал кіргенде сол жақта балалар орыны, одан кейін зат қоятын орын. Содан соң жатыс бөлмесі болып ретімен орналастырылған. Ал үйдің қақ ортасы ас даярлайтын орын. Геометриялық дөңгелек пішінді үйге әмбебап жиһаз дайындап, тұрмыста ұтымды пайдаланып, өзорынын таба білді.





Сурет 1: «Киіз үй жиһаздарының орналасуы»



Талғам көбейген сайын жиһаз өнерінде жаңа стилдер мен бағыттар пайда болды. Олар өз көз қарастарымен тұтынушыларға жаңа туындылар әкелді. Солардың бірі Михаэля Тонета орындығы, пішін тұтастығы арқасында, бөлме кеңістігін кеңейтіп, нысанмен ортаның үйлесімін берді. Басты сапасы - оның айқындығына, осының негізінде әсер қалыптасады көрінісінің мәнерлігімен, сұлулығымен көрерменге әсер етеді. Ерекшелігі біліктілігі жоқ маман оны оңай жинайды. Орындық төрт аяқты, байланыстырушы арқылы, арқасы, барлығы бекіту бұрандалар арқылы қатайтылады. Орындық жұмыс кезінде босаңсып шайқалса, онда оны қайтадан бұрандаларымен қатайту жеткілікті болды және ол қызметін жалғастырды. Оның қарапайымдылығы арқасында, ол мекемелер мен үйлерде бірдей қолайлы болды (сурет 2).



Сурет 2: «Классикалық орындық № 14»  
«Ағайынды Тонет» фирмасы. 1859



Модернистік стильдегі интерьер кеңістігінің шешіміндегі нысандар мен жиһаздар арасында композициялық орталықтар пайда болады. Англияда эстетикалық концепцияларын негіздеген Уильям Моррис қолөнер мен зауыт өндірісін біріктіруге тырысты. Сонымен қатар Моррис шеберханасында жиһазды қолмен орындалған (сурет 3).



Сурет 3: «Уильям Моррис орындықтары»

Моррис пайымдауынша, нысанда сапа мен пішін ғана емес, сонымен қатар шебердің көңіл-күйі мен оның қатынасы бар. Адам қаншалықты өмірі мен жұмысына риза болса, соғұрлым ол әдемі заттар шығарады [3].



Сондықтан дизайнермен тұтынушы арасында тікелей байланыс қажет. Бұл жоба жұмысын жеңілдетіп, тұтынушы сұранысын орындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жаппай өндіріс тұтынушы талғамын қанағаттандырмайды. Жаппай өнеркәсіптік өндірістің дамуының қазіргі кезеңі жаңа технологиялармен сипатталады, ал тұтынушылар ыңғайлылықты, қарапайымдылықты және арзан бағаны ғана емес, сонымен қатар олардың жеке қасиеттерін біріктіретін өнімдерді күтуде.


Тұтынушы - функционалды, арзан, оңай өзгеретін бөлме жиһазын жасауға, жайлы бөлме атмосферасын құруға тырысады. Бұл осы мақалада жиһаз дизайнының принципі таңдап алынып, қарапайым жиһаз құрастырған кезде, жаңа, күрделі бірнеше түрлі функционалды талаптар мен шарттарды қанағаттандыратын қарапайым пішіндер құруға және бөлме кеңістігін тарылтпауға негізделеді.

Жоба орындау үшін, сұрақ қою арқылы таңдалған жобаның өзектілігін анықтау қажет. Әрбір тұтынушы эргономикалық ыңғайлылық негізінде жиһазды таңдайды. Тұтынушылардың кейбір бөлігі дәстүрлі (дәстүрлі пішінді және дизайндық) жиһаздарды, ал басқалары бірегей дизайн орындалуды қолданады. Қалған тұтынушылар, қазіргі заманғы дизайндағы жиһаздың экономикалық нұсқасын трансформациялау мүмкіндігімен ғана көреді. Бұндай жиһаз пәтерде бюджет пен кеңістікті айтарлықтай үнемдейді. Дәстүрлі жиһаз секілді сәйкес келмеушілікті, пайдалану кезінде үнемі ауыстыруды қажет етпейді.

Осылай құрылымының қарапайымдылығы - нысанды қабылдауды жеңілдетіп, пішіннің тұтастығы – нысан мен ортаның үйлесімін анықтап, контраст арқылы композициялық элементтің мәнерлілігін айқындау және жақсарту.


Тұтынушы талаптарын ескере, жобалау шешімдерін қарастырамыз. Оған мәселенің әртүрлі шешімдердің кең таңдауын қарастырамыз. Дизайнерлердің заманауи жобаларын мысалға ала отырып, тұтынушы талғамына қол жеткіземіз.

Кереует астындағы үлкен тартпалар заттардың керемет мөлшерін сыйдыра алады (сурет 4). Ұтымды композициялық шешім, контрасты сызықтар мен масштабтау арқылы кеңістік перспективасы шешілген.



Сурет 4


Керемет төсек орын, сөресібар ықшам диванға айналады (сурет 5). Нысан композициясында метафора шешім табылған. Конструкциялық құрлымы ерекше.



Сурет 5




Кішігірім бөлмелерде жылжытуға ыңғайлы жиһаз (сурет 6).  
Формализм өнеріндегі пішіндер үйлесімі.




Сурет 6

Қабырғаға ілінетін айна, бүктелген кезде үстел (сурет 7).  
Кеңістік шешімінің қарапайым жолы.



Сурет 7

Кез-келген екі жақты қолданылатын нысан – сөрелер мен кресло (сурет 8). Нысан түрленген, дәстүрлі пішіннен ауытқымаған, эстетикалық талғамы шешілген.



Сурет 8

### Қортынды

Қорытындыға келе тұтынушы мен дизайнер арасында жобаның басынан, нысанның орындалғаннан, аяқталуына дейін байланыс үзілмейді. Біқшам аумаққа арналған жиһаз трансформер түрлерін пайдалана тұтынушы талабын орындап, дизайнер кеңістік шешімін табады. Түлі ойларды орта салу арқасына ортақ ұсыныс, жоба нұсқасы табылады. Нәтижесіне жобаға уақыт, қаражат жұмсалуды азаяды.

### Әдебиет тізімі

1. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. - Алматы: Өнер баспасы, 1992. – 14 б.
2. Қазақ Энциклопедиясы, 7 том
3. Лаврентьев А.Н. История дизайна. - М.: Гардарики, 2007. – 304 с.
4. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана / Под ред. А.Х. Маргулана. - А-А: Наука Казахской ССР, 1966. – 436 с.
5. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Өнер баспасы, 1987. – 44 б.
6. Художественное конструирование в СССР. 1976—1980: Обзор / Под ред. Ю.Б. Соловьева. - М.: Высш.шк., 1982. – 282 с.
7. Жердев Е.В. Метафора в дизайне: учеб. пособие. - М.: Спутник+, 2010. – 457 с.



А.К. Байдабеков<sup>1</sup>, О. Т. Карабакин<sup>2</sup>

<sup>12</sup> Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана,  
Республика Казахстан

## Пути рационального использования комнатного пространства на сегодняшний день

**Аннотация:** Статья создание интерьера с учетом закономерностей композиции среды, красивой мебелью. Из истории следует, что использование мебели и пространства среды, ориентированного на новые стили, в результате чего требуется непосредственная связь с дизайнером между потребителем, что позволит облегчить работу проекта и выполнять потребительские запросы.

В заключение, успешное выполнение проекта напрямую зависит не только от способа выполнения среды, но и от потребностей потребителя. С учетом требований потребителя, разработать широкий выбор различных решений проблем в проектировании, на примере современных проектов дизайнеров, добиться потребительского предпочтения. Между потребителем и дизайнером будет решено пространство дизайнера, выполненное от начала проекта, до завершения объекта, без прерывания связи, с использованием трансформеров мебели для компактной зоны. Общее предложение, вариант проекта, который является общим предложением для построения кругозора. На результат будет уменьшено время, расходование средств на проект.

**Ключевые слова:** история искусства, национальная мебель, композиция, пространственная среда, трансформер мебель, творческий опыт.

А.К. Baidabekov<sup>1</sup>, О.Т. Karabalin<sup>2</sup>

<sup>12</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic Of Kazakhstan

## How to rationally use the room space today

**Abstract:** Article the creation of the interior subject to the laws of the composition of the medium, with beautiful furniture. From history it follows that the use of furniture and space environment focused on new styles, resulting in a direct connection with the designer between the consumer, which will facilitate the work of the project and fulfill consumer needs.

In conclusion, the success of the project depends not only on the way the environment is executed, but also on the needs of the consumer. Taking into account the requirements of the consumer, to develop a wide range of different solutions to problems in the design, on the example of modern design projects, to achieve consumer preferences. Between the consumer and the designer will be

decided the space of the designer, made from the beginning of the project, to the completion of the object, without interruption of communication, using transformers furniture for a compact area. General proposal, a variant of the project, which is a General proposal for the construction of horizons. The result will be reduced time, spending on the project.

**Key words:** art history, national furniture, composition, spatial environment, transformer furniture, creative experience.

### References

1. Janibekov U. Jolayırıqta [On the road] (Art Publisher, Almaty, 1992)
2. Kazakh Encyclopedia, 7
3. Lavrentiev A.H. Istoriya dizayna [Design history] (Gardariky, Moscow, 2006)
4. Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbayev A.M., Drevnyaya kul'tura Tsentral'nogo Kazakhstana [Ancient culture of Central Kazakhstan] (Science of the Kazakh SSR, A-A, 1966).
5. Argynbaev H. Kazaq xalkinin koloneri [Applied art of the Kazakh people] (Art Publisher, Almaty, 1987).
6. Soloviev Y.B. Khudozhestvennoye konstruirovaniye v SSSR [Artistic design in the USSR] (Vysshaya shkola, Moscow, 1982).
7. Zherdev E.V. Metafora v dizayne [Metaphor in design] (Sputnik+, Moscow, 2010).